

МРНТИ:15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.36>

Ұ.Б.Төлешова¹, Ж. Әбдіқадырқызы²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ АРТ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР

Аңдатпа

Бұл мақалада деструктивті мінез-құлықты балаларды зерттеген шетелдік, ресейлік, отандық ғалымдардың еңбектеріне талқылай отырып, деструктивті мінез-құлықты балалардың ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Деструктивті жүріс-тұрыс адамның өзіне, сонымен қатар сыртқы ортаның материалды және материалды емес объектілеріне бағытталған көптеген іс-әрекеттерден көрінеді. Мұндай мінез-құлық кезінде нысанаға импульсивті, кенеттен әсер етуден көрінуі мүмкін. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде жасөспірімдік шақ адам өміріндегі біршама өзгерістер кезеңі деп сипатталады. Осы шақта тұлғаның дамуына құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынасы әсер етеді. Деструктивті жүріс-тұрыстың себебі ең бірінші оқушының нейробиологиялық дамуындағы қиындықтар, эмоционалды аумақтың бұзылуы, психопатиялық бұзылыстар деп түсіндіріледі. Оқушылардың деструктивті мінез-құлқына құрдастарының әсері, сонымен қатар оның психологиялық профилактикасы, жиі кездесетін дұрыс емес іс-әрекеттерге антиэлеуметтік-криминалды жүріс-тұрысты, өзін-өзі жарақаттау, тамақтанудың бұзылуын және психоактивті заттарды қолдануды жатқызамыз.

Түйінді сөздер: деструктивті жүріс-тұрыс, деструктивті мінез-құлық, девиантты мінез-құлық, антиэлеуметтік-криминалды жүріс-тұрыс, коррекция, арт-педагогика, арт-терапия.

Toleshova U.B.¹, Abdikadyrkyzy Zh.²
^{1,2}al-Farabi Kazakh National University

ART-PEDAGOGICAL METHODS OF TEACHING CHILDREN WITH DESTRUCTIVE BEHAVIOR

Abstract

This article describes the characteristics of children with destructive behavior, based on the works of foreign, Russian, and domestic scientists who study children with destructive behavior. Destructive behavior manifests itself in numerous actions directed both at the person himself and at material and non-material objects of the external environment. With this behavior, an impulsive, sudden impact on the goals can be manifested. In psychological and pedagogical literature, adolescence is characterized as a period of significant changes in a person's life. At this time, the development of the personality affects communication with peers and adults. The reason for destructive behavior in the first place are difficulties in the neuropsychic development of students, violations of the emotional zone, psychopathic disorders. The influence of peers on the destructive behavior of students, as well as its psychological prevention, frequent wrong actions include anti-social and criminal behavior, well-being, eating disorders and the use of psychoactive substances.

Keywords: destructive behavior, deviant behavior, antisocial and criminal behavior, correction, art pedagogy, art therapy.

Төлешова У.Б.¹, Әбдіқадырқызы Ж.²
^{1,2} Казахского национального университета имени аль-Фараби

АРТ-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С ДЕСТРУКТИВНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

Аннотация

В данной статье дается описание особенностей детей с деструктивным поведением, опираясь на труды зарубежных, российских, отечественных ученых, изучающих детей с деструктивным поведением. Деструктивное поведение проявляется в многочисленных действиях, направленных как на самого человека, так и на материальные и нематериальные объекты внешней среды. При таком поведении может проявляться импульсивное, внезапное воздействие на цели. В психолого-педагогической литературе подростковый возраст характеризуется как период значительных изменений в жизни человека. В это время на развитие личности влияет общение со сверстниками и взрослыми. Причиной деструктивного поведения в первую очередь являются трудности в нейропсихическом развитии учащихся, нарушения эмоциональной зоны, психопатические расстройства. Влияние сверстников на деструктивное поведение учащихся, а также его психологическая профилактика, к частым неправильным действиям относим антисоциально-криминальное поведение, самочувствие, нарушение питания и употребление психоактивных веществ.

Ключевые слова: деструктивное поведение, девиантное поведение, антисоциально-криминальное поведение, коррекция, арт-педагогика, арт-терапия.

Деструктивті мінез-құлық – қандай-да бір объекті жоюға бағытталған индивидтің ішкі жағдайын практикалық немесе вербалды түрде көрсетуі. Мұндай жүріс-тұрыс кейбір жағдайларда, «кейде ішкі, кейде сыртқы күштерге қарсы» қолданылатын агрессормен идентификацияның қорғаныш механизмі болып табылады. Деструктивті жүріс-тұрыстың объектісі ретінде субъект көп жағдайда адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзіндік эмоционалды және физикалық күйді, материалдық өмірдің құралдарын тандайды. Деструктивті жүріс-тұрыстың субъектісі өзінің психикалық әлемін қаіпке ұрындырады және одан қорғануға тырысады, сондықтан агрессивті ортамен теңестіру пайда болады. Деструктивті жүріс-тұрыс көп жағдайда девиантты мінез-құлыққа синоним ретінде анықталады. Адамның деструктивті жүріс-тұрысына байланысты ғылыми мәселелер, зерттеу объектісі ретінде өте ертеректе, психологияның жеке ғылыми пән ретінде пайда болғанына дейінгі кезеңдерде қарастырылған. Деструктивті жүріс-тұрыстың, адами қоғам нормаларына қарама-қарсы келетін адам әрекеттері екендігі жөніндегі ойларды Платон, Аристотель, Гиппократ секілді Антикалық дәуірдің ұлы ойшылдары дамытқан.

Психология ғылымының дамуының басында деструктивті жүріс-тұрысты зерттеумен психоаналитикалық тұғыр шеңберінде З.Фрейд пен К.Г. Юнг айналысқан. Фрейд бойынша, деструктивті жүріс-тұрыс адамның өз-өзіне деген негативті қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. Психоаналитикалық тұғырдың жақтаушылары, деструктивті жүріс-тұрысты түрлі деңгейде барлық адамдарға тән, оның тек объектілері ғана (жанды немесе жансыз заттар немесе адамның өзі) ерекшеленеді деп көрсеткен. Осыған ұқсас позицияны А. Адлер де ұстанған, ол деструктивті мінез-құлықтың негізгі себебі деп, қоғамнан бөлектену мен қауқарсыздықты көрсеткен. Э.Фромм деструктивті мінез-құлықты, адамның энергиясын бағытына сай дұрыс қолдана білмеуі деп түсіндірген. Деструктивті және девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік зерттеулерімен Э.Дюркгейм, ал ауытқушы жүріс-тұрыстың детерминанттары, факторлары мен формаларын зерттеуге Т.Парсонс, Р.Мертон, П.Уорсли, т.б. зерттеушілердің еңбектері арналған. Р.Мертон девиантты және деструктивті мінез-құлықтың себебі – аномия болып табылады деп көрсеткен [1].

Педагогикалық психология саласындағы мамандар деструктивті жүріс-тұрыстың бес формасын көрсетеді: агрессивтік әрекеттер, мектеп мүлкін бұзу, қоғамдық тәртіпті бұзу, авторитеттерге қарсы тұру және өзін-өзі бұзу. Buchanan мен Ritchie жасаған шет елдік сауалнамалардың нәтижесі бойынша, әрбір алтыншы жасөспірім оқушы деструктивті жүріс-тұрысқа ие болған, ал оның салдары тек мектепке ғана әсер етіп қоймай, оның шегіне шығып кеткен. Әрине, деструкцияның ең кең таралған түрлері мектеп тәртібін бұзу, сабақтарды бөлу, сонымен бірге қауіпті инциденттердің пайда болуына әкелетін бағынбаудың жалпы атмосферасын құру болып табылады. Оларға сабақты жіберіп алу, мектепте наша мен алкогольді қолдану, қылмыс жатады. Деструктивті сипаттар тек шынайы емес, сонымен қатар Я.А. Волкова көрсеткендей, виртуалды қатынаста болуы мүмкін. Деструктивті мінез-құлықтың сипаттамасын қорытындылай отырып, бұл мінез-құлық әлеуметтік қатынастар мен мектептің білім беру кеңістігінің нысанына деген агрессивті-қарсы қатынастың тура және жанама түрінде көрсетіледі деуге болады[2].

Деструктивті жүріс-тұрыстың себебі ең бірінші оқушының нейропсихикалық дамуындағы қиындықтар, эмоционалды аумақтың бұзылуы, психопатиялық бұзылыстар деп түсіндіріледі. Шынымен, физикалық және сексуалды зорлық, мүлкін талқандау, ұрлық, жүріс-тұрыс ережелерін бұзу жүріс-тұрыстың бұзылуының клиникалық түріне жатады. Алайда, қиратушы және антиәлеуметтік тәртіпке

бейім жасөспірімдердің тек 5-6% ғана осы психикалық бұзылыстарға ие болған. Мысалға, өлтіру немесе басқа да ауыр қылмыстарды жасаған жасөспірімдердің көп бөлігі нейропсихикалық, когнитивті дамуда, эмоциясын ұстауда қиындықтарға ие болмаған.

Психология ғылымдарының кандидаты К.В. Злоказов жасөспірімнің сыныптастарына деген зорлық-зомбылық жасауын анализдеу кезінде, оқушының тек жеке-психологиялық факторларын ғана есепке алу дұрыс нәтиже бермейді деп есептейді [3].

Деструктивті жүріс-тұрыстың себептерін сипаттаудың екінші тобы олардың өмірінің макроәлеуметтік аспектілерін зерттеуге негізделеді. Олардың ішінде ата-ананың, отбасының, үлкендер мен құрдастары іс-әрекетінің рөлі айқындалады. Отбасының әсері әлеуметтік, психолого-педагогикалық, экономикалық ауысулар призмасы арқылы қарастырылады. Көбінесе деструктивті мінез-құлық кірістің деңгейімен, ата-аналардың білімдік және әлеуметтік мәртебесімен байланыстырылады. Психологиялық параметрлер бойынша деструктивтілік ата-аналардың эмоционалдық бұзылыстары мен олардың тәрбие мәселелері бойынша біліктілігінің төмен болуынан шығады.

Жасөспірімдік топ деструктивті жүріс-тұрысқа сонымен бірге, одан бас тартуға итермелейтін рөлге ие. Антиәлеуметтік жүріс-тұрысы бар топқа кіру тәжірибе бойынша әр кезде оқушының криминализациясына алып келеді. Конструктивтік тұрғыда, құрдастар бір-біріне білім, түсіну, уайымдау арқылы қолдап, басқа адамдардың агрессивті әсерінен қорғай алады. Солтүстік Ирландия орта мектептерінің оқушыларына жасалған сауалнама бойынша, олардың темекі шегу мүмкіндігі егер ол жасөспірімдік кезеңнен басталса екі есеге өседі. Олардың құрдастарының қолдауы болашақта күн сайынғы темекі шегу мүмкіндігін 85%-ға көтереді. Спирттік сусындармен де сол секілді жағдай – құрдастарының қолдауы күн сайынғы алкоголь қолдану мүмкіндігін 51 %-ға жоғарылатады. Осымен қоса, бұл нәтижелер темекі шегуден бас тартқан оқушылар темекі шегетін құрдастарымен қарым-қатынаста болуды тоқтатып, олардың орнына темекі шекпейтін, қызығушылықтары бойынша сәйкес келетін достарды таңдағандығын көрсетеді. Деструктивті жүріс-тұрыстың топтық тәжірибесін сараптай келе, оқушылар достарды өздерінің қызығушылықтарына байланысты таңдап, өздері секілді іс-әрекет жасайтын, ұқсас құндылықтарға ие құрдастарымен қарым-қатынасты ұстанады [4]. Мектеп оқушыларының деструктивті мінез-құлықын түзету үшін арт-терапия әдістерді қолданудың маңызы ерекше.

Арт-терапия (ағылшын тілінен *art*, өнер, *therapy* – терапия, емдеу, күтім жасау, қамқорлық) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі. Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды.

Арт-терапия – бұл өнерге, ең алдымен бейнелеу және шығармашылық іс-әрекетке негізделген психотерапияның мамандандырылған түрі. Шығармашылық үрдіс басты терапиялық механизм болып табылады, ол айрықша символикалық түрде шиеленіскен жарақаттаушы жағдаяттардан шығуға, оның шешімін табуға мүмкіндік береді. Сурет, ертегі, ойындар арқылы арт-терапия ішкі шиеленістерден және күшті эмоциялардан шығуға, өз сезімдері мен толғаныстарын ұғынуға көмектеседі, өзіндік бағалаудың артуына, босаңсуға, еркінсуге және күштенулерді, қысымды түсіруге мүмкіндік жасайды, шығармашылық қабілеттердің дамуына да игі ықпалын тигізеді.

«Терапия» – латын тілінен аударғанда «емдеу» деген ұғымды білдіреді. Тарихқа сүйенсек арт-терапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевтердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен [5].

«Арт» сөзімен байланысты техникалар, солардың ішінде арт-педагогика да көп жағдайда вербалды емес қарым-қатынастың көрсеткіштері және құралдары болып табылады. Бұл фактор педагогиканың бұл саласының өз ойы мен күйзелістерін сөзбен сипаттауда қиындықтар шегетін жастар мен жасөспірімдер үшін құндылығын арттыра түседі. Символикалық сөйлеу бейнелеу өнерінің негізі бола отырып, адамға өзінің ішкі күйзелістерін дәлірек сипаттауға, өз жағдайына және күнделікті тұрмыс мәселелеріне жаңаша көзбен қарап, соның нәтижесінде оларды шешудің жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді [6]. Арт-терапия – әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық жұмыстарда көркемдік шығармашылық сабақтары арқылы адам психикасын үйлесімді дамыту құралы әрі өнер арқылы психологиялық ықпал ету ретінде қарастырылады. Өнер – білім беру жүйесінде көптеген жылдар бойы балаларды эстетикалық дамыту және қалыптастыру құралы ретінде қарастырылып келді. Деструктивті мінез-құлықты оқушыларды оқытуда арт-педагогика әдістерін қолдану үшін арт-терапия әдістері: бейнелеу, коллаж, ойын терапиясы, ертегі терапиясы, құм, түйме, мандала терапиялары, фракталды сурет салу, саусақтармен сурет салу

әдістерінің қолданылу ерекшеліктері талданады. Құралдардан: сурет салу құралдары (боюу, түрлі-түсті қаламдар, қағаз т.б.¹), табиғи материалдар (жапырақ, құм, саз², су) қолданылады.

Арт-терапевттік сабақтар екі маңызды бір-бірімен байланысты бөліктен тұрады – невербальды (шығармашылық) ең маңызды өзін көрсету құралы сурет болып табылады, вербальды(апперцептивті) құрылымданған түрі. Бұл жерде ең маңыздысы – бала өз жағдайына, эмоциялық көңіл-күйіне, арман-қиялына жүгіне отырып, сурет салуы тиіс. Бұл сабақтарда жай әуендерді қолдану сабақ тиімділігін арттырып, баланың көңіл-күйінің көтерілуіне көмектеседі. Әрбір қатысушы өзі жасаған туындыларды интерпретациялайды және туындаған байланыстарды суреттеп береді. Арт-терапиямен жұмыс жасау барысы келесідей кезеңдерге бөлінеді:

- Кіріспе және «жылжыту» кезеңі (уақыттың 10-15%)
- Бейнелеу жұмысының кезеңі (30-35%)
- Талқылау кезеңі (30-40%)

Бірінші кезең. Кіріспе және «қыздыру» кезеңі. Сәлем беру мен қатысушылардың жұмысқа дайындығын көздейді. Сонымен қатар сенім мен қауіпсіздік атмосферасын туғызу. Ұстаз топтағы негізгі тәртіп ережелерін түсіндіреді, сол үшін арнайы ескерту карталарын қолданады. Келесі «жылжыту» кезеңі түрлі физикалық белсенділікті және бейнелеу жұмыс күйіне «келтіру» тәсілдерін: «тақырып бойынша» орта ойын, шағын –әңгіме.

Екінші кезең. Тақырып туралы түсінік пен оның орындалуы, кішігірім талқылау. Ептеген жас шамамен ескере отырып, осы кезеңді ертегі, ойын, саяхатты әңгімелеу немесе драмалау формасында ұйымдастырған жөн. Балаларға рөлдерін іс-қимыл жасай отырып ойнауға болады (өз ішінде нәзік байсалды музыканың ойнағанын елестетуге болады. Сен қалай қимылдайсың?)

Үшінші кезең. Әдетте талқылау кабинеттің «таза» аймағында өткізіледі. Ол қатысушылардың өзіндік бейнелеу жұмыстары туралы әңгімелері немесе түсініктері. Олар тек қана шыққан дүниелерін баяндап қана қоймай, бейнеленген кейіпкер туралы ертегі шығаруға тырысады. Кейде топ ортақ ертегіні шығарады, бір шығармадан бастап, ол екіншіге ұласып, бір сюжетті құрастырады. Авторлар өз жұмыстарын тек қана көрсетіп немесе бір ауыз сөзбен шектеле алады. Қатысушылар бір-бірін бағаламайды, бірақ авторға сұрақ қоя алады. Осы кезеңде жүргізуші жұмыстың барысына, нәтижелеріне, қатысушылардың қатысуын бағалап, қажетті ақпараттар бере алады. Сонымен бірге, жүргізуші авторға оның жұмысының мазмұнына мақсатында автор мазалаған оймен мәселелерге қатысты сұрақтар қояды.

Арт-терапия негізінде:

- Дұрыс ойлау;
- Жағымды эмоциялық күй;
- Қарым-қатынас дағдыларын игеру секілді т.б. қабілеттіліктер қалыптасады.

Арт-педагогика әдістері мен құралдарын қолдану нәтижесінде деструктивті мінез-құлқ қасиеттерінің профилактикасы жасалған тұлға қалыптасады.

Арт-терапияның қай бағыты болмасын, деструктивті мінез-құлқының алдын алуда маңызды орынға ие. Сол себепті, сабақ барысында арт-терапияның әр түрлі бағыты бойынша жұмыс жасау мүмкіндігі бар және бұл, өз кезегінде, бала бойында қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауды жақсартуға және т.б. өз септігін тигізеді. Енді арт-терапияның бағыттарына жекелей тоқталып өтсек.

Коллаж (француз тілінен аударғанда collage – желімдеу, жабыстыру деген ұғымды білдіреді), қандай да бір негізге, өзінің түсі мен сипаты бойынша ерекшеленетін, материалдарды желімдеу арқылы орындалатын, бейнелеу өнерінің техникалық тәсілі. Коллаж деп, сондай-ақ, тұтастай алғанда дәл осы тәсілмен орындалатын шығарманы айтады.

Коллаж техникасы Қытай елінде қолданылған, ол кезде түрлі түсті қағаз және қураған жапырақ пен гүлдерден жасалған композициялар кеңінен таралды. Ал Жапонияда Х ғасырда өлең жазу барысында мәтінге жабыстырылған қағазды қоюдан бастау алды. Негізгі шығу тарихы Еуропада ХІІІ ғасырда пайда болды. Бастапқыда коллажды көркем сурет бетін жандандыру үшін қолданды.

Коллаж дегеніміз – қағаз бетіне журналдан қиып алынған суреттерді ретсіз жапсыру. Коллаж жасап шығаруда газет қиындыларын, тұсқағаз, суреттер, мата, қураған гүлдерді қолдануға болады. Жеке немесе топтық жұмыс жасауға болады. Бірақ, арт-терапияның техникасы ретінде көбінесе топтық жұмыста қолданылады. Коллаж құрыстыру техникасы психотерапиямен қатар, диагностикалық мақсатта да қолданылады. Оқушылардың саралап алған суреттері олармен вербальды қарым-қатынас барысында ашылмай қалған тақырыптар мен мәселелерді анықтауға мүмкіндік туғызады.

Коллаж әдісі тұлғаға еркіндік бере отырып, баланың мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Яғни коллаждың мынадай мүмкіндіктері төменде көрсетілген:

1. Керемет нәтижеге қол жеткізу және шығармашылық іс-әрекеттің одан әрі жұмысы үшін жағымды нұсқауларды ұйымдастыру;
2. Берілген тақырыпқа өз көзқарасыңды, ойыңды, қаншалықты түсінгеніңді көрсете алу;
3. Адамның нақ осы уақыттағы психологиялық жай-күйін анықтау, жеке уайымдары мен қобалжуларының маңызының өзектілігін көрсету;
4. Шығармашылық қабілетті дамыту және өзіндік бағаны жоғарылату;
5. Жасырын жатқан таланттарды ашу, шығармашылық мүмкіндіктерді жетілдіру;
6. Агрессия мен жағымсыз сезімдерді білдірудің әлеуметтік ортаға қолайлы түрін көрсету;
7. Топтық коллажда топтағы бірге жұмыс жасап жатқан серіктесіңді, әлеуметтік рөлді, нұсқауларды қабылдау [7].

Коллаждау әдісі арт-педагогикалық әрекетке қатысушыларға ойлау, сезіну, тілеу сияқты басқа да өмір аспектілерін визуализациялауға жағдай жасайды. Кейбір нәрселерді сөзбен жеткізу қиын, сондықтан, шығармашыл адамдарға оларды суреттер мен фотографиялар арқылы жеткізу оңайырақ. Коллаждарды интерпретациялау түрліше болуы мүмкін, сондықтан мақсат тапсырмада айқын көрсетілуі тиіс.

Сондай оқытуға лайық жаңашыл арт-әдістердің тағы бір түрі – ассоциативтік карталар жасау (мысалы, жоба идеяларын іздеу, нақтылау үшін). Бұл әдіс ойша зерттеу формасы арқылы алға қойылған бүкіл міндеттерді тез қарап шығуға мүмкіндік туғызады.

Бұл әдісті қолданудың үдерісі төмендегіше жүреді: негізгі идея немесе терминнен бастай отырып оқушылар әуелі сұлбасын жасап, содан соң соларға байланысты образдар мен концептілердің схемасын сызады.

Түйме терапиясы. Түйме ағылшын тілінен тікелей аударғанда button – ашылмаған гүлтүйнек, ал жапондықтар оны – нэцке деп атады, ал бау соңына ілінген зат деген мағынаны білдіреді. Шынында, ежелде түймелер гүлдің, жануарлардың, егін, жемістердің бейнесімен дайындалған. Орыс тілінде «пуговица - пугать» деген түбір сөзден бастау алады, ол аударғанда қорқыту деген мағынаны білдіреді. Кейбір ресей ғалымдары түйменің бұлай аталуы оның қорғаныш мақсатында қолданылуынан екенін көрсетеді. Түймемен дайындалатын ойындар мен жаттығулар қисынды, қиялды, зейінді, шыдамдылықты, көру арқылы мотор координациясын, саусақ пен қол білегімен жасалатын күрделі үйлестірілген іс-әрекеттерді дамытады. Оларды жазықтыққа бағдарлап, оның бетіне көптеген бейнелерді (сандар, әріптер, графикалық фигуралар, өрнектер) жасауға көмектеседі [8].

Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған ойындар да түймемен жүргізіледі. Мысалы, «түйме қай қолда?» ойыны топтық түрде жүргізіліп, баланың белсенділігін оятады.

Мандала терапиясы. Мандала арт-терапияның техникаларының бірі ретінде суреттерді шеңберге салуға негізделіп отырып жасалады. Бұл әдісті шеңбер формалы көлемді жұмыстарды құм, саз, ермексаз немесе басқа да заттармен жұмыс жасағанда пайдаланады [9]. Шеңберде сурет салуды көркем шығармашылық пен кейінгі талдауға негізделген жобалық диагностикалық әдіс, терапевтік ықпал жасау құралы және автордың суретте көрсетілген өзекті психологиялық материалды (сезімдерін, адамның саналы түрде қабылдамайтын қажеттіліктерін, ішкі кикілжіңдер мен ресурстарын, дамуын) түсіне алуы ретінде қарастыруға болады. Алғаш К. Юнг мандалаларды психологиялық интеграция және психотерапияда бағалау құралы ретінде қолдана басады. Ол клиенттердің түс көру барысында, қиялында, суреттерінде көрінегін шеңберлер мен сфералық бейнелер өзіне тән фазалардағы психологиялық даму үрдісінің ерекшеліктерін көрсетуі мүмкін, сондай-ақ, психиканың саналық және бейсаналық аспектілерінің өзара қарым-қатынасы деп санады. Мұндай бейнелердің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін талдай келе, клиентке даму үрдісін түсінуде көмектесіп қана қоймай, күйзелістік жай-күйді жеңіп шығуға қажет ішкі механизмдер мен ресурстарын іске қосуға болады.

Шеңбер мандаланы жасау пен пайымдау барысында оның ішкі кеңістігіне үлкейтіп көрсететін, күрделі психологиялық материалдың ұйымдастыруы мен қорғанысын қамтамасыз етуші, бейнелі контейнер ретінде шыға алады. Мандаланың жасалуы мен пайымдалу үрдісі өзінің әсерлерінің ықпалымен релаксациялық сеанстар секілді, сонымен қатар, клиент жағымды нұсқауларды өзектендірсе немесе аффирмацияны қолданса – онда тіпті аутогенді жаттығу іспеттес көрінеді. Соңғы 25-30 жылда мандалаларды психотерапияның трансперсоналды бағытының өкілдері сананың өзгерген жай-күйінің тәжірибесін тексеру үшін және зерттеу құралы ретінде жиі қолданып келеді.

Ойын терапиясы. Педагогтың күзіретіндегі ойын баланың жан-жақты дамуына көмектеседі. Ол баланың көзқарасын кеңейтеді, бақылай алушылығын, тапқырлығын, мәселелерді талдау, салыстыру

қабілетін, осы арқылы қоршаған ортадағы байқаған жағдайлардан шешім шығара алуы қабілетін дамытады [10].

Дидактикалық ойындар - ой ауқымын кеңейтеді, танымдық әрекеттерді, белгілі бір білімдер мен біліктерді қалыптастырады, еңбек біліктіліктерін дамытады.

Тәрбиелік ойындар - тәуелсіз, еркін болуға тәрбиелейді, қандай да бір ұстанымдар, рухани, эстетикалық қасиеттерді қалыптастырады, серіктестікке, ұжымда болуға, қатынаса алуға тәрбиелейді.

Дамытушы ойындар - есті, сөйлеуді, ойлауды, салыстыра алу қабілетін дамытады, аналогтарды, қиялды, шығармашыл қабілеттерді, эмпатия, рефлексия, тиімді шешім таба алу қабілеттерін дамытады; оқу әрекетіне ынталандырады.

Әлеуметтендіруші ойындар - қоғамның құндылықтары мен нормаларына қосылуды, қоршаған орта жағдайларына бейімделуді, өзін-өзі бақылауды, қатынасқа түсуді үйретеді [11].

Бейнелеу терапиясы. Бейнелеу өнері арқылы Фрейдтің психоанализ көзқарасынан, Юнгтың аналитикалық көзқарасынан, алғашқы және әмбебап символдары туралы ойларды дәлелдеу үшін Наумбергтың графикалық өзіндік айқындалуының терапиялық көмегінің динамикалық теориясынан туындаған жеке суреттеуді пайдаланған. Содан кейін арт-терапияның зор әсер еткен гуманистік бағыттағы психологтар болды.

Сурет салу – балаға өзін-өзі сезіну мен түсінуге, өз ойлары мен сезімдерін еркін жеткізуге, даулар мен күшті қобалжулардан босауға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болуға, арман мен сенімді еркін айтуға мүмкіндік беретін шығармашылық актісі. Бұл тек балалардың санасындағы қоршаған және әлеуметтік шынайылықты бейнелеу ғана емес, сондай-ақ ны модельдеу, оған қатынасты айқындау. Кейбір ғалымдар сурет салуды ағзаны дамыту бағдарламасын орындау жолдарының бірі ретінде қарастырады.

Сурет салу сезімдік-қозғалыс координациясын дамытады. Оның жетістігі көптеген психикалық қызметтердің келісе қатысуын талап етуінде. Бала сурет салып, өзінің сезімдерінің, тілектерінің, армандарының шығуына жол береді, әр түрлі ситуацияларды өз қатынастарын өзгертіп, кейбір қорқытатын, жағымсыз, жаза тудыратын бейнелермен мазасыздана жақындасады. Сонымен, сурет салу өз мүмкіндіктеріне және қоршаған ортаның шынайылығына жеткізу тәсілі және өзара әрекетті модельдеу, әрі әр түрлі эмоцияның, соның ішінде жағымсыз, теріс түрлерінің шығу тәсілі ретінде көрініс алады. Солдықтан, сурет салу психикалық қысымдарды, стрестік күйлерді шығарып тастауға, невроздарды, үрейлерді түзетуге кеңінен қолданылады.

Соңғы жылдары арт-диагностиканың бір бағыты – энергетикалық фракталды сурет салу – инновациялық арт-әдіске айнала бастады. «Фракталды» деп аталатын бұл әдіс, 1991 жылы адамның резервтік мүмкіндіктеріне, және оларды өзіндік іске асыру тәсілдеріне арналған семинарларда алғаш рет қолданылған еді. Бұл әдіске этникалық, ұлттық немесе территориялық айырмашылықтар әсер етпейді.

Әдістің қарапайымдылығы мен қолжетімділігі мықты ғылыми базаға: француз және америка математигі, фракталдар теориясының авторы Бенуа Мандельброттың еңбектеріне; Ресей Трансперсоналдық Фондының президенті, Еуропа Трансперсоналдық Ассоциациясының мүшесі, Ноосфера Халықаралық Институтының ғылыми директоры Евгений Файдыштың «Мистикалық космос» еңбегіндегі ноосфера туралы қағидаларына; швейцария психологы және түрлі-түсті тесттер авторы - Макс Люшердің зерттеулеріне; Ресей ғалымдары Т.З. Полуяхтова, А.Е.Комовтың фракталды энергия жөніндегі белгілі идеяларына негізделген.

Әдістің мәні адамның қолының «моторикасы» мен оның психикалық және психофизиологиялық жай-күйінің өзара байланысын қолдануға құрылған. Мұнда сурет жан мен тәннің жағдайы туралы ақпарат береді. Бұл әдіс, сондай-ақ, адам қабылдауының рационалдылығы мен интуитивтілігін және оның шығармашылық белсенділігін ескеруге негізделген. Әдіс бейсананың терең механизмдерін іске қосып денсаулықты жақсартуға, шығармашылық және тұлғааралық мәселелермен байланысты түрлі жағдайларды үйлестіріп қалпына келтіруге мүмкіндік береді [12]. Әдісті жүргізу барысында адамның рухани деңгейі жоғарылай түседі де, әрбір адамзаттың бойында бар шығармашылық мүмкіндіктер көріне бастайды. Фракталдар жаратылыстанудың дамуының жаңа кезеңі, ғылым мен өнердің бірігу кезеңі, бір-бірін толықтырып отыратын, аналитикалық және интуициялық табиғатты тану тәсілдерінің белгісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Куликов В.Б., Злоказов К.В. *Деструктивное поведение: теоретико методологический аспект // Психопедагогика в правоохранительных органах / - 2006*

2. Волкова, Я. А. Деструктивное общение: к определению понятия /Я.А. Волкова// Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2, Языкознание. 2012 - №2(16). – С. 205–209.
3. Злоказов К.В. Индивидуально-типологические корреляты деструктивного поведения / К. В. Злоказов // Известия Уральского федерального университета. Сер. 3, Общественные науки. - 2015. -№ 2 (140). - С. 153-161.
4. Злоказов К. В. Социально-психологические предпосылки деструктивного поведения подростков в школе. Журнал: Психолого-педагогические проблемы образования. Уральский гос.пед.университет. 2016г. 72-73 б.
5. Қасен Г.А. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы/ Г.А. Қасен., Ұ.Б. Төлешиова, А. Б. Мукашева. –Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 88б.
6. Копытин В.И. Руководство по групповой арт-терапии. СПб, 2003г.-438с.
7. Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К, Сүлеймен М.М. // Жалпыға арналған арт-терапия: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: 2016. – 160 б
8. Крамер Эдит. Арт-терапия с детьми: Пер.с англ./Вступ.ст. и послесловие Е.Макровой,2-ое изд.- М.:Генезис,2014.-320с.
9. Диагностика в арт-терапии. Метод «Мандала». ред. А.И. Копытина. – СП б., «Речь», 2005. – 141 с.
10. Лебедева Л.Д. Арт-терапия в педагогике // Педагогика. 2000. №97 С. 27-34.
11. Шкель В.Ф. Игровые технологии в учебном процессе. Учебно-методическое пособие. – Саратов, ГОУ ДПО «СарИПКиПРО», 2010. – 24 с.
12. Полуяхтова Т.З., Комов А.Е. Родник фрактальной мудрости, или свежий взгляд на наши возможности.-М.: Деловая литература,2002.-С.18-21.